

"Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы" ЖШС
Әдістемелік кеңес отырысының
Х А Т Т А М А С Ы №1

Тақырыбы: «Бөбекжай бақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу, толықтыру»

Күні: 19.09.2025 жыл

Қатысқандар саны: 12

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту
2. «Жаңа оқу жылына дайындық» тақырыптық бақылау қорытындысы
3. «Педагогтердің міндетті құжаттарын қарау» тақырыптық бақылау қорытындысы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторинг қорытындысы.
4. «2025-2026 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері»
5. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫНДАЛДЫ: Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ділдәбек оқу жылында әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында әдістемелік тақырып тандау керектігі туралы айтты. Қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту педагогтар тарапынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан педагогтардың әрбір іс-әрекетті жаңаша түрде, дәстүрлі, дәстүрлі емес түрлерін өту дағдыларын жетілдіруді талап етеді. Қазіргі заман талабына сай тәрбиеленушілерге жаңа технологияларды тиімді пайдалана отырып, білім мен тәрбие беруді ойластыру қажет. Сондықтан педагогтардың ізденіп, жаңаша жұмыс жасауларын қадағалап, бақылауға алу және оны әдістемелік бірлестік жұмысының жоспарына енгізу қажет. Әдістемелік бірлестік жұмысын жүйелі жоспар түрінде жүргізіп отырғанда ғана өз нәтижесіне жетері сөзсіз. Олай болса, әр ісімізді сүйіспеншілікпен, қызыға атқаруға тырысайық, - деді.

Шешім: Әдістемелік бірлестік жоспары бекітілуге ұсынылсын.

II ТЫНДАЛДЫ: «Жаңа оқу жылына дайындық» тақырыптық бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ділдәбек жаңа оқу жылына дайындықты тексеру мақсатында өткен тақырыптық бақылау нәтижесіне тоқталып өтті. барлық топта жеткілікті деңгейде заттық-дамытушы ортасы құрылған. Топтарды көрудің жалпы әсері жақсы: топтарда таза, артық ештеңе жоқ, тәрбиешілер өз топтарын сауатты түрде ұсынды, әр топта қандай да бір ерекшелік бар.

1. Барлық топ тәрбиешілері ресімдейтін құжаттама нормативтік талаптарға, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің істер номенклатурасына, Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.
2. Топ тәрбиешілерінің ағымдағы құжаттамасын жүргізудің жалпы жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланды.

Шешім: тақырыптық бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

III ТЫНДАЛДЫ: «Педагогтердің міндетті құжаттарын қарау» тақырыптық бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ділдәбек сөз алды. «Педагогтердің міндетті құжаттарын қарау» тақырыптық бақылау болып өтті. Мониторингтік зерттеудің мәні тәрбиеленушілердің Үлгілік оқу бағдарламасын игеруінің мақсатты бағыттары болып табылады.

Жылдық жұмыс жоспары, мектепке дейінгі білім беру сапасын мониторингілеу туралы әдістемелік ұсыным, мектепке дейінгі білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесі туралы ереже негізінде мекеме педагогтары тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалды игеру нәтижелеріне мониторинг жүргізді. Мониторинг дамудың 5 бағыты бойынша жүргізілді: физикалық дамуы, коммуникативтік даму, шығармашылық даму, танымтық дамыту, әлеуметтің даму. Барлығы 135 тәрбиеленуші тексерілді.

Педагогикалық талдаудың нәтижелері оқу жылының соңында прогрессивті динамикада бағдарламалық материалды игерудің жоғары және орташа деңгейлері бар балалардың басым болуын көрсетеді, бұл балабақшадағы білім беру қызметінің нәтижелілігін көрсетеді.

Қорытынды: балалардың үлгілік оқу бағдарламасын игеруін қорытындылай келе, балалардың дамуының базистік деңгейі, жеткілікті деңгейде қамтамасыз етіледі деп айтуға болады. Педагогикалық ұжым балалардың жалпы даму деңгейін арттыруға және олардың мектепке дайындығын жақсартуға бағытталған балаларды тәрбиелеу мен оқытудың барлық әдістері мен тәсілдерін пайдаланады. Сонымен қатар, аралық мониторингке дейін қажет: педагогикалық ұжымның сөздікті қалыптастыру, келісімді сөйлеуді дамыту бөлігінде балалардың сөйлеуін дамыту жөніндегі жұмысын жетілдіру қажет, - деді.

Шешім: тақырыптық бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

IV ТЫНДАЛДЫ: «2025-2026 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері»

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ділдәбек сөз алды. Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі бағыттарын атап өтті.

Педагогтер балаларда барлық режимдік сәттерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударуы керек.

Сонымен қатар, педагогтер тәрбиелеу-білім беру процесінде стандарттың талаптарын ескеруі, үлгілік жоспарының нормативтік оқу жүктемесін орындауы, үлгілік бағдарламаны іске асыруы, тәрбиеленушілердің жасына, психофизиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес нысандарын, әдістерін, тәсілдерін, құралдарын қолдануы қажет. Сонымен бірге, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыстарын ұйымдастыру ата-аналармен жұмыс жоспарына енгізіледі және балабақшаның жылдық жоспарында жоспарланған. Жылдық жоспарға сәйкес жұмыстардың орындалуы басшылыққа алынады. Топтардың ата-аналар жиналыстарында «Адал азамат-кәсіби маман» бағдарламасы және осы мектептер бойынша жұмыстарды талқылау ұсынылады, - деді.

Шешім: оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруда нормативтік құжаттарды басшылыққа алу.

V ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ділдәбек алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қарттар күні мерекесіне орай барлық топта жоспарға сай ұйымдастырылған іс әрекет өткізілітінін айтты. Қазан айында өтетін «Алтын күз» мерекесін ата-аналардың келісімімен өткізіліп, 25 қазан Республика күні ауқымды түрде ата-аналардың қатысуымен өтілетінін және тәрбиешілер бұл мерекелердің сценарийлерін дайындап, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді, - деді.

Қаулы етті

1. Жаңа оқу жылында әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда 2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулықты басшылыққа алу.
2. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыстары бақылауға алынып, жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



С.Арынова

"Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы" ЖШС
Әдістемелік кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ №2

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру»

Күні: 08.12.2025 жыл

Қатысқандар саны: 12

Күн тәртібінде:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Әдістемелік апталықты өткізу жоспарын әзірлеу.
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларда қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастырудың тиімді формалары мен әдістері»
4. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫНДАЛДЫ: №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ділдәбек өткен әдістемелік кеңес шешіміне тоқталып өтті. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде бағдарламаның элементтері жүйелі қолданылуда. Педагогтердің әдістемелік ұсынымдарын жетілдіру және тәжірибеде қолдану барысында педагогтер әзірлеген әдістемелік ұсынымдар талқыланып, бекітілді. Тәжірибеде қолдану мақсатында әдістемелік тақырыптар бойынша бірлескен шеберлік сағаттары өткізілді. Әр топ бойынша мониторинг талдауы жасалды, нәтижелері әдістемелік кеңесте ұсынылды. Төмен деңгей анықталған балалармен жекелеген түзету жұмыстары басталды.

II ТЫНДАЛДЫ: «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» әдістемелік апталығының жоспарын әзірлеу.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ділдәбек сөз алды. Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарының бірі. Балалар қоршаған ортаны толық түсіне бермейтіндіктен, қауіп төндіретін жағдайларды алдын ала болжай алмайды. Сондықтан балабақша педагогтері күнделікті әрекет барысында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударуы тиіс.

Осы мақсатта балабақшада «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» тақырыбында әдістемелік апталық ұйымдастыру жоспарланды. Апталықтың мазмұны балалардың жас ерекшелігіне бағытталған, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, ата-аналарды ағарту жұмысына және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға негізделген. Әдістемелік апталық тақырыпты жан-жақты ашу мақсатында төмендегі бағыттар назарға алынды, деп бағыттарын тоқталып өтті.

1. Педагогтерге арналған әдістемелік іс-шаралар (семинар, шеберлік сағаты, кеңес).
 2. Балаларға арналған танымдық ұйымдастырылған оқу қызметтері.
 3. Қауіпсіз орта құруға бағытталған тәжірибелік іс-шаралар (жаттығу, ойын, эвакуация).
 4. Ата-аналармен жұмыс (жаднама, жиналыс, ақпараттық бұрыш).
 5. Көрме ұйымдастыру (тәсілдер, көрнекі құралдар, балалар жұмыстары).
- Бұл бағыттар апталықтың толыққанды, мазмұнды, тиімді өтуіне ықпал етеді. «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» әдістемелік апталығы – балалардың қауіпсіздік мәдениетін ерте жастан қалыптастыруға бағытталған маңызды жұмыстың бір бөлігі. Апталық нәтижесінде балалардың қауіпсіздік жөніндегі түсініктері кеңейеді, педагогтердің әдістемелік деңгейі жоғарылайды, ата-аналармен ынтымақтастық нығаяды, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Әдістемелік апталықтың жоспарына сәйкес апталықтың өтуі бақылауға алынсын.

III ТЫНДАЛДЫ: «Мектеп жасына дейінгі балаларда қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастырудың тиімді формалары мен әдістері»

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші Г.Базарбекова сөз алды. Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау – балабақша жұмысының ерекше назар аударатын бағыты. Балалар қоршаған ортада қауіп төндіретін жағдаяттарды бағалай алмайды, сондықтан олардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын ерте жастан қалыптастыру – педагогтердің басты міндеті. Қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру тек ережені айту арқылы емес, ойын, тәжірибе, практикалық жаттығулар, көрнекілік және үлгі көрсету арқылы тиімді жүзеге асады, деп Балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың міндеттері мен қауіпсіздік дағдыларын қалыптастырудың тиімді формаларына тоқталып өтті. Сонымен бірге жүргізілетін әдістерге тоқтала келе, бұл әдістер педагогтерге балалардың жас ерекшеліктеріне сай қауіпсіздік мәдениетін жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді, деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: балаларда қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастырудың тиімді формалары мен әдістері іс-шаралар барысында қолданылсын.

IV ТЫНДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ділдәбек алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған іс-әрекетін жоспарлау мен өткізу барысында педагогтар арасында әдістемелік бірізділік толық сақталмай отыр. Дидактикалық және көрнекілік материалдардың жеткіліксіздігі немесе жаңартуды қажет ететін бөлімдері бар. Жеке жұмыс пен топтық жұмыстың арақатынасы педагогтар арасында әртүрлі, бұл балалардың даму динамикасына әсер етуде. Қауіпсіздік ережелерін күнделікті бекіту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсе де, кейбір топтарда балалардың өзін-өзі қорғау дағдылары жеткіліксіз. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау

бойынша қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек. Балалардың аурушандығы маусымдық кезеңде артып отыр. Жиналыстар мен іс-шараларға кейбір ата-аналардың қатысу белсенділігі төмен. Үй жағдайында педагогтардың ұсыныстарын орындамау, баланың дамуында бірізділіктің бұзылуына әкеліп отыр. «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» сияқты жобаларға тұрақты қатысу деңгейі әрқелкі. Құжат жүргізу кезінде цифрлық форматқа көшу толық жүзеге аспаған, оны барлығымыз бірігіп іске асыруымыз керек,-деді.

ШЕШІМ

1. Педагогтарға ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлауда әдістемелік бірізділікті сақтау міндеттелсін.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларда қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру

Әдістемелік кеңес төрайымы:



С.Арынова

**"Гүл-Гүл"бөбекжай бақшасы" ЖШС
Әдістемелік кеңес отырысының
Х А Т Т А М А С Ы №3**

Әдістемелік кеңес тақырыбы: «Мектеп пен бөбекжай бақшасы арасындағы сабақтастықты ұйымдастыру»

Күні: 12.02.2026 жыл

Қатысқандар саны: 12

Күн тәртібінде:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Шебер-сынып: «Бөбекжай бақшасы жұмысында сабақтастық қағидатын іске асыру»
3. «Бұрынғы бөбекжай бақшасы түлектерінің мектепте сабаққа қатысуын талдау. Бөбекжай бақшасы мен мектептің сабақтастығы»
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы.
5. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫНДАЛДЫ: №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер А.Долходжаева сөз алды. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің негізгі тармақтары толық және уақытында орындалды. Жоспарланған іс-шаралар педагогтердің кәсіби деңгейін, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және ата-аналармен серіктестікті нығайтуға мүмкіндік берді. Атқарылған жұмыстар мектепке дейінгі ұйымның жалпы дамуына оң әсерін тигізді.

Әдістемелік апталық пен жобалар шеңберінде жүргізілген жұмыс балалардың қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға және отбасымен ынтымақтастықты нығайтуға айтарлықтай оң нәтиже берді. Барлық жоспарланған іс-шаралар толық орындалды, нәтижесіне сәйкес келесі кезеңге жаңа ұсыныстар енгізілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫНДАЛДЫ: Шебер-сынып: «Бөбекжай бақшасы жұмысында сабақтастық қағидатын іске асыру»

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиешісі А.Есімхан педагогтармен шебер-сынып өткізді. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету. Сабақтастық – білім беру сатыларының мазмұны, әдістері мен мақсаттарының өзара байланысы, үйлесімді жалғасуы. Бұл процесс баланың мектепке психологиялық, әлеуметтік және танымдық тұрғыдан дайын болып баруына мүмкіндік береді. Сабақтастық қағидасын жүзеге асыру оқу-тәрбие үдерісінің

сапасын арттырып қана қоймай, білім алушылардың жеке дамуындағы үздіксіздікті қамтамасыз етеді, деп сабақтастық принциптеріне тоқталып, тәрбиешілермен әртүрлі ойындар мен тапсырмалар өткізді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Сабақтастық қағидатын іске асыруда ойын түрлерін қолдануды жандандыру.

ІІІ ТЫНДАЛДЫ: «Бұрынғы бөбекжай бақшасы түлектерінің мектепте сабаққа қатысуын талдау. Бөбекжай бақшасы мен мектептің сабақтастығы»

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер А.Долходжаева сөз алды. Мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезеңі – баланың оқу мотивациясына, мектептегі бейімделуіне және жалпы табысты оқуына тікелей әсер ететін маңызды процесс. Сондықтан бөбекжай бақшасы мен мектеп арасындағы сабақтастықтың сапасын жыл сайын талдап отыру — білім сапасын арттырудың негізгі шарттарының бірі. 2024–2025 оқу жылында балабақша түлегі болған балалардың даярлық сыныптағы сабаққа қатысуы, оқу жетістіктері және әлеуметтік бейімделу көрсеткіштері салыстырмалы түрде қарастырылды.

Балалардың басым бөлігі сабаққа тұрақты қатысады, бұл балабақшадағы жүйелі тәрбие мен мектепке психологиялық дайындықтың жеткілікті екенін көрсетеді. Бейімделу және оқу әрекетін меңгеру деңгейі бойынша айтар болсам, балалардың көпшілігі мектептің жаңа талаптарына белсенді бейімделген. Ұжымдық жұмысқа, мұғалім нұсқауына бағыну дағдылары қалыптасқан. Алайда, 5–6% балада әлеуметтік-эмоционалдық бейімделу қиындықтары байқалған.

Бөбекжай бақшасы түлектерінің мектепте сабаққа қатысуы, оқу әрекетін қабылдауы және мінез-құлық дағдылары жалпы алғанда жақсы деңгейде. Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық нәтижелі жолға қойылған, дегенмен сөйлеу тілі, моторика, зейін тұрақтылығын дамыту бағытында қосымша қолдау қажет.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Мектептен оқушылардың сабаққа қатысуы, оқу мотивациясы, тәртібі туралы ақпарат жинақтап отыру.

ІV ТЫНДАЛДЫ: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскердің және топ тәрбиешілерінің аралық мониторинг нәтижелері жөніндегі баяндамалары тыңдалды. Балалардың танымдық, тілдік, моторикалық, әлеуметтік-эмоциялық даму бағыттары бойынша І жартыжылдықтағы білім деңгейінің динамикасы қарастырылды.

Оқу жылының І жартыжылдығында балалардың білім-білік дағдыларын, оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау, бастапқы мониторингпен салыстыру, даму динамикасын бақылау жүргізілді. Барлық топтарда бастапқы мониторингке қарағанда оң динамика байқалды. Балалардың танымдық, тілдік және әлеуметтік дағдылары айтарлықтай жақсарған, деп барлық топтар бойынша аралық мониторинг нәтижелеріне жеке-жеке тоқталып, нәтиже бойынша ұсыныстарды айтып өтті. Кіші топқа сөздік қорды дамыту, саусақ жаттығулары, қарапайым ойын әрекеттерін

көбейту. Ортаңғы топқа: әңгімелеу, дидактикалық ойындарды күшейту, шығармашылық бағыттағы жаттығуларды арттыру. Ересек топта жазуға дайындық: сызықтар, элементтер, логикалық тапсырмалар, модельдеу жұмыстары Мектепалды топқа: оқу-жазу дағдыларын бекіту, қарапайым математикалық есептер, оқу мотивациясын қолдау жұмыстарын қорытынды мониторингке дейін жүргізу керек,- деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Аралық мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

ҰТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер А.Долходжаева алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Аралық мониторинг нәтижелері негізінде оқу-тәрбие процесін жақсарту және балалардың даму көрсеткіштерін көтеру мақсатында алдағы кезеңде келесі жұмыстар жоспарланып түзету-дамыту жұмыстарын күшейту, балалардың әлсіз бағыттары анықталған топтарда жеке және шағын топтық түзету сабақтары ұйымдастыру, сөйлеу, моторика, танымдық даму бағыттары бойынша арнайы жаттығулар енгізу керектілігін және психологпен бірлескен жұмыстарды жүйелі жүргізу қажеттілігін айтты. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын тиімді меңгертудің инновациялық әдістерін меңгеру қажет,- деді.

Оқу ортасын жетілдіру барысында топтарда дидактикалық материалдар мен дамыту ойындарын толықтыру, ұсақ моторика, құрастыру, математика бұрыштарын жаңарту керектігіне де тоқталды. Балалардың даму деңгейіне байланысты ата-аналарға арналған ұсынымдық дәптерлер таратуды, мектепке дайындық, сөйлеуді дамыту, үйде оқыту мәселелері бойынша кеңестер ұйымдастыруды, ата-аналарды дамыту орталықтарына, шеберлік сабақтарына тарту керектілігіне де тоқталды. Сонымен бірге, жыл соңында қорытынды мониторинг өткізу барысында әр бала бойынша даму динамикасын көрсететін жеке даму карталарын толықтыру керектілігін де айтып өтті. Нәтижелерді педагогикалық кеңесте талқылау және қорытынды шешім қабылдау. Мектеппен байланыс орнатуды жалғастыру. Балаларды мектепке психологиялық және оқу жағынан дайындауды жүйелеу керектігін айтып өтті.

ШЕШІМ

1. Бөбекжай бақшасы мен мектеп арасындағы сабақтастықты одан әрі күшейту.
2. Педагогтерге балалардың әлсіз бағыттары бойынша түзету-дамыту жұмыстарын күшейту жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



С.Арынова

"Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы" ЖШС
Әдістемелік кеңес отырысының
Х А Т Т А М А С Ы №4

Әдістемелік кеңес тақырыбы: «Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау»

Күні: 18.05.2026 жыл

Қатысқандар саны: 12

Күн тәртібінде:

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторинг қорытындысы.
4. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту.

I ТЫҢДАЛДЫ: №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер А.Долходжаева аралық мониторинг нәтижелері бойынша топтарда балалардың танымдық, тілдік, моторикалық, әлеуметтік дағдылары бойынша оң динамика байқалды. Ересек топтарда білім мазмұнын меңгеру деңгейі жақсы, ортаңғы топтарда тұрақты даму анықталды. Кіші топтағы балалардың балабақшаға бейімделуі тұрақты. Балаларға жеке даму картасы бойынша жеке жұмыстар жүргізілуде.

№3 әдістемелік кеңестің шешімдері толық көлемде орындалды. Оқу-тәрбие процесінде оң нәтижелер байқалады. Жоспарланған жұмыстар белгіленген мерзімде жалғастырылады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындауы туралы қорытынды талдау.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер А.Долходжаева сөз алды. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәрбиелеу мен оқыту сапасын жақсарту, балалардың дамуын қамтамасыз етуге бағытталған болатын. Жыл бойында бекітілген жоспарға сәйкес 4 әдістемелік кеңес, ашық іс-шаралар, мониторинг және талдау жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге, жыл ішінде оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқталып оқу қызметінің сапасы артқанын, әдістемелік қателіктер азайғанын айтты. Топтардағы дамытушы орта талаптарын орындау бойынша топтардың дамыту ортасы жаңартылып, білім беру ортасының қауіпсіздігіне мониторинг жүргізілгенін, дамытушы ортаның

көлемде және сапалы орындалды. Оқу-тәрбие процесінің тиімділігі артты, педагогтер мен ата-аналардың өзара әрекеттестігі нығайды, балалардың дамуы бойынша оң динамика байқалды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстар қанағаттанарлық.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторинг қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер А.Долходжаева сөз алды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгеру деңгейін анықтау, әр бөлімдер бойынша даму динамикасын бағалау, педагогтердің әдістемелік жұмысына талдау жасап, келесі оқу жылына ұсыныстар қалыптастырылғанын айта келіп, әр бөлім бойынша топтар қорытынды нәтижелеріне тоқталды.

Ортаңғы топта Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша жоғары деңгей 86%, коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша жоғары деңгей 80%, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша жоғары деңгей 80%, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша жоғары деңгей 82%, балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша жоғары деңгей 82% құрады.

Ересек топта (4 жастағы балалар) Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша жоғары деңгей 80, коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша жоғары деңгей 84%, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша жоғары деңгей 88%, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша жоғары деңгей 80%, балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша жоғары деңгей 80% құрады.

Педагогтердің жүйелі жұмысы, мониторингке негізделген әдістемелік қолдауы нәтижесінде даму сапасы артты, деп тәрбиешілерге ұсыныстар айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: қорытынды мониторинг нәтижесі қанағаттанарлық.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту

СӨЙЛЕДІ: әдіскер А.Долходжаева

Жазғы сауықтыру іс-шараларын тиімді ұйымдастыру және балалардың денсаулығын нығайту мақсатында төмендегі жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі қажет.

1. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуға бағытталған сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру.
2. Күн тәртібіне таза ауадағы серуендер, қимылды ойындар, спорттық жарыстар және шынықтыру жаттығуларын ұйымдастыру.
3. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы қатаң бақылауға алу.
4. Табиғат аясындағы танымдық, экологиялық және шығармашылық жұмыстар тұрақты түрде өткізу.

5. Ата-аналармен бірлескен сауықтыру және спорттық іс-шаралар ұйымдастыру.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекітілсін

ШЕШІМІ

1. Тәрбиеленушілердің білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда анықталған қиындықтарды жою мақсатында әр педагогке жеке бағытталған түзету-дамыту жұмыстарының жоспарын әзірлеу.

2. Жазғы сауықтыру жұмыстарын жүйелі жүргізу.

3. Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау.

Әдістемелік кеңестің барлық шешімдері уақытылы және сапалы орындалуы үшін бақылау әдіскерге жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



С.Арынова